

Тобы	Кіші жас « Балдырған» тобына арналған жазғы сауықтыру жоспары									
Жылы мен айы	Маусым - 2022 ж.									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	1	Қатынас	1	Таным	1	Шығармашылық	2	Әлеумет	-
	Дене шынықтыру	1	Сөйлеуді дамыту	0,5	Құрастыру	0,25	Музыка	1	-	
			Көркем әдебиет	0,5	Жаратылыстану	0,5	Сурет салу	0,5		
					Сенсорика	0,25	Жапсыру	0,25		
							Мүсіндеу	0,25		
Кемпірқосақ қанатын жайды / Раскинула радуга крылья / Spread the rainbow's wings (1-апта) - маусым, 2022ж.										
Мақсаты. Балалардың жаз мезгілі туралы ұғымдарын бақылаулар, ойындар арқылы қалыптастыру; жазғы ойындарға қызығушылықпен қатысуға машықтандыру.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Түрлі-түсті көпір" Мақсаты: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірімен өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру.		Көркем әдебиет Тақырыбы: ""Түлкі мен ешкі" ертегісі" Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпіннің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану Тақырыбы: "Айжанға гүл шоғын жинауға көмектес" Мақсаты: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер - қайырымдылық, шыдамдылық.		Музыка Тақырыбы: "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, өндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.		-	
							Сурет салу Тақырыбы: "Түрлі-түсті кемпірқосақ" Мақсаты: Мақта таяқшалары мен нүктелерді "түрту" тәсілі арқылы салуды, түрлі түстерді пайдаланып, оларды контур бойымен доға тәрізді орналастыруды үйрету, ; түстер гаммасы жайлы қарапайым ақпарат беру, негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; түстерді сезіну сезімдерін дамыту; жұмысқа деген тиянақтылыққа тәрбиелеу.			
Қалашық саламыз / Строим городок/ Building a town (2-апта) - маусым, 2022ж.										
Мақсаты. Балаларды құмның қасиеттерін тануға бейімдеу; қарапайым іс-тәжірибеге деген қызығушылықтарды қалыптастыру; ойын компетенцияларын жетілдіру.										

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Аулада доппен ойнаймыз" Мақсаты: Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: ""Құмсалғышта" атты сурет бойынша әңгіме құрастыру" Мақсаты: Жыл мезгілдерінің ауысуы, жаз және оның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту, қалыптастыру, кеңейту және нақтылау (шелек, қалып, қалақша, тиегіш, торт, үй, терезе, есік, бақбақ, күн; қызыл, сары, жасыл, көк, үлкен, кішкентай; көп, азырақ; құю, салу, жасау , тасымалдау; жылы); «Құмсалғышта» картинасы туралы тұтас қабылдауды қамтамасыз ету; "Қарым-қатынас дағдыларын, диалогтық сөйлеуді дамыту (сурет бойынша сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру); табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: "Күн сәулесіне саяхат" Мақсаты: «Тар», «кең», «ұзын», «қысқа» ұғымдарын нығайту; кеңістіктегі ойлау мен бағдарлауды дамыту.	Музыка Тақырыбы: "Менің қалам" Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.	-
				Мүсіндеу Тақырыбы: "Өзен үстіндегі әдемі көпір" Мақсаты: Кесек саз балшықты кішкентай бөліктерге бөліп алып, екі алақанның тура қозғалысымен жаюды дамыту; балалардың мүсіндеуге қызығушылығын арттыру; ойын негізінде, пластикалық материалдардан, саз балшықтан, көпірдің қарапайым жобасын жасау; саз балшықтың қасиеттерімен таныстыру (жұмсақ, икемді); балалардың бойында қайырымдылықты, ілтипаттылықты дамыту; мүсіндеу барысында саз балшықты ұқыпты пайдалануға үйрету.	
Су / Вода-водица / Water (3-ант) - маусым, 2022ж.					
Мақсаты. Балаларды судың қасиеттерін тануға бейімдеу; қарапайым іс-тәжірибеге деген қызығушылықтарды қалыптастыру; экологиялық танымдарын қалыптастыру; суға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.					
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Сылдыр аққан су" Мақсаты: Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Жалқау мысық" Мақсаты: Балаларды ертегіні мазмұнынын түсініп, әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; еңбексүйгіштікке, ұқыптылықты тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Сиқыршы су" Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту.	Музыка Тақырыбы: "Күн, ауа және су" Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	-

				Сурет салу Тақырыбы: "Сиқырлы тамшылар" Мақсаты: Мақта таяқшаларымен жаңбырдың суретін салуды, оның ерекшелігін бере отырып (қатты жаңбыр – көп тамшылар; себелеген жаңбыр – бірнеше тамшы) бүкіп парақ бетінде орналастырып, нүкте «тұрту» әдісі арқылы салуды үйрету; көк, көгілдір түстері жайлы қарапайым ақпарат беру; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; ұқыптылыққа, өзара көмекке тәрбиелеу.	
Балапандардың ұшуды үйренуі / Как птенцы учатся летать / How chicks learn to fly (4-апта) - маусым, 2022ж.					
Мақсаты. Құстардың жаз маусымындағы тіршілігі жайындағы ұғымдарын қалыптастыру; табиғатқа, құстарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ақ мамықтай балапан" Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Құстар біздің досымыз" Мақсаты: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру; балалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Құрастыру Тақырыбы: "Құс үйі" Мақсаты: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету, сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту, үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: "Орманда" Мақсаты: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.	-
				Жапсыру Тақырыбы: "Құстарға жем салайық" Мақсаты: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	